

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1305 қаулысына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 8 қараша N 1182. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 1270 Қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 1270 Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестациялау туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1305 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 45, 405-құжат) мынадай толықтыру мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестациялау туралы ережеде:

6-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Білім беру ұйымдарының білім берудің тиісті деңгейінің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарын орындауын және білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын сақтауын бақылау мақсатында аттестаттау мамандықтар бөлінісінде жүзеге асырылады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Аттестаттау өткізудің тәртібі туралы нұсқаулықтарды, аттестаттаудың бағдарламалары мен көрсеткіштерін, сондай-ақ білім беру ұйымдарын аттестаттау кезінде қажетті құжаттардың тізбесін қарауында білім беру ұйымдары бар мемлекеттік органдардың қатысуымен өзінің құзыретіне сәйкес Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы әзірлейді және бекітеді.";

15, 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Аттестациялық комиссиялардың шешімдері олар шығарылғаннан кейін он күннен кешіктірмей білім беру саласындағы тиісті мемлекеттік органдардың бұйрықтарымен бекітілуге тиіс.

Аттестациялық комиссия мынадай дәлелді шешімдер қабылдауға құқылы:

1) аттестатталсын;

2) аттестатталмасын.

Білім беру ұйымын "аттестаттау" туралы шешім, егер:

1) білім беру қызметі білім берудің тиісті деңгейінің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарының талаптарына және білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына толық сәйкес  
б о л с а ;

2) кешенді тестілеудің нәтижелері бойынша оқитындар Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы нормативті белгілеген шекті деңгейден жоғары баға алса, қабылданады.

"Аттестатталмасын" деген шешім білім беру ұйымы аттестаттаудың көрсетілген шарттарының ең болмағанда біреуін орындамаған жағдайда  
қ а б ы л д а н а д ы .

Аттестациялық комиссиялардың шешімдері білім беру саласындағы мемлекеттік органдардың қайта қарауына жатпайды.

16. Тиісті білім беру деңгейінің жалпы міндетті мемлекеттік стандарттарының орындалмағаны және білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензияда қамтылған талаптарды орындамағанын куәландыратын, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының аттестатталмау фактісі білім беру ұйымының аттестатталмаған мамандықтары бойынша лицензиясын қайтарып алу және қайтарып алынған лицензиялардың лицензиарға қайтарылған сәтіне дейін білім беру ұйымы лицензиясының қолданысын тоқтата тұру үшін негіз болады."

2. Осы қаулы ресми түрде жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*